Әділет

## Дене шынықтыру және спорт саласындағы нысаналы индикаторлар тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 119 бұйрығы

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 65-23) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған дене шынықтыру және спорт саласындағы нысаналы индикаторлардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институт " шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберу;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет - ресурсында орналастыру.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Е. Мырзабосынов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
бұйрығымен бекітілген

## Дене шынықтыру және спорт саласындағы нысаналы индикаторлар тізбесі

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Деректер түрлері ( ресми | Деректер көздері ( ақпараттық жүйе, ресми статистикалық ақпарат, |

| № | Нысаналы индикатордың атауы | Өлшем бірлігі | статистикалық ақпарат, халықаралық статистика, әкімшілік деректер) | жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар, ведомстволық байқаулар негізінде алынған, әлеуметтік зерттеулер және сауалнамалар) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Халықтың 1000 адамға шаққандағы спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі | % | ресми статистикалық ақпарат | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 297 бұйрығымен бекітілген "Ведомстволық статистикалық байқаулардың нысандарын бекіту туралы" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны шеңберінде қалыптастырылатын ресми статистикалық ақпарат (индексі 1-ФК, кезеңділігі жылдық) |
| 2 | Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын балалар мен жасөспірімдердің үлесі | % | ресми статистикалық ақпарат | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 297 бұйрығымен бекітілген "Ведомстволық статистикалық байқаулардың нысандарын бекіту туралы" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны шеңберінде қалыптастырылатын ресми статистикалық ақпарат (индексі 1- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | ФК, кезеңділігі жылдық) |
| 3 | Дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын азаматтардың үлесі | % | ресми статистикалық ақпарат | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 297 бұйрығымен бекітілген "Ведомстволық статистикалық байқаулардың нысандарын бекіту туралы" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны шеңберінде қалыптастырылатын ресми статистикалық ақпарат (индексі 1-ФК, кезеңділігі жылдық) |
| 4 | Дене шынықтырумен және спортпен айналысатындардың жалпы ұлттық спорт түрлерімен айналысатын азаматтардың үлесі | % | ресми статистикалық ақпарат | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 297 бұйрығымен бекітілген "Ведомстволық статистикалық байқаулардың нысандарын бекіту туралы" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны шеңберінде қалыптастырылатын ресми статистикалық ақпарат (индексі 1-ФК, кезеңділігі жылдық) |
| | | | | Қазақстан Республикасы Мәдениет және |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, спорт шебері нормативтерін орындаған олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері түлектерінің үлесі | % | ресми статистикалық ақпарат | спорт министрінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 297 бұйрығымен бекітілген "Ведомстволық статистикалық байқаулардың нысандарын бекіту туралы" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны шеңберінде қалыптастырылатын ресми статистикалық ақпарат (индексі 1-ФК, кезеңділігі жылдық) |
| 6 | Халықаралық деңгейдегі ресми спорттық іс-шараларда жылына жеңіп алынған медальдар саны | саны | халықаралық статистика | Халықаралық федерациялардың хаттамалары |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК